



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ұлттымыздың өткен тарихына, оның ұмытыла бастаған дәстүрлеріне ұлттық тұрғыдан қайта карауға себеп болған өте маңызды құжат деп айтуға болады. Әсіресе мақаланың «Туған жер» бөлімі қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына, әрбір азаматтың өз туған жерінің тарихын білуге деген құлшынысының оянуына жол ашады. Себебі ұлттың рухани жағынан қайта жаңғыруы, алдымен, оның тарихымен, әдебиетімен, салт-дәстүрімен байланысты екендігі түсінікті. Оны Қазақ даласының қай жерінен болса да рухани құндылықтарымызға айналған қасиетті орындарын оқып-үйрену арқылы білуімізге болады.

Ежелгі Торғай жері тарихқа толы десек артық айтқандық емес. Ол туралы деректер де жетерлік. Өткен тарихқа көз жүгіртсек, алғаш рет 1771 жылы Н.Рычковтың Торғай мен Есіл далаларына жасаған сапарында жазған күнделігінде қызықты материалдар ұшырасады. Н.Рычков Ұлытау мен Атбасар аумағындағы ескерткіштерді сипаттап, Есіл өзені бойындағы орасан зор үйінділер туралы айтып өтеді.

Ол Қараторғай өзені аңғарындағы алып обалардың кескініне таң-тамаша болып, құрылыстардың қалай тұрғызылғандығына түсінбей әрі таңданыс білдіріп: «Мұндай алып құрылысты салу үшін қаншама адам қажет» деп жазды. Н.Рычков бұл обалардың мерзімін дәл анықтай алды, «обалар скиф патшасы немесе батырының құрметіне тұрғызылған» деп есептеді. Торғай өзенінің жоғарғы ағысы мен Арғанаты тауларынан Н.Рычков ескерткіштердің басқа түрлерін, соның ішінде көне қала мен ежелгі құрылыс қирандыларын да ашқан болатын. Оның жазбаларына қарағанда, қала ор және жалмен қоршалған бекініс болып табылады: ол «төрт бұрышты қамал іспеттес... Шығыс жағынан әлі күнге дейін ағаш қақпалардың орны көрініп тұр», қақпа бекініс ішіне қарай жолды бастайды. Бұрынғы тереңдігін жоғалтқан әрі қазіргі күні жайылып кеткен жал мен ор бұл орынның көнелігінен хабарлар етеді. Қала үстінде черепицалар мен тастардың қалдықтары көптеп жатыр».

Сөзімізді әрі қарай жалғасақ, кеңес заманында Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс аймақтары мейлінше жан-жақты зерттелсе, орталық өңір, соның ішінде Торғай өңірі археологиялық зерттеулер аз жүргізілген аймаққа жатады. Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2000 жылдардың басынан бері Қазақстанның рухани дамуын ілгері дамыту үшін орасан жұмыстар жүргізілгені белгілі. «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы іспетті, Елбасының 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

атты мақаласы негізінде археология ғылымы саласында тарихи жәдігерлерді зерттеу, жарыққа шығару, оны қалың жұртшылыққа таныту ісі кең өріс алды. Бұл сөзімізді әрі қарай өрбітсек, өткен жылы Торғай өңірінде жалпы қалың жұртшылықты елең еткізер оқиға қазіргі Қостанай облысы, Арқалық ауданында орналасқан Жаңақала ауылы маңайынан ежелгі сақтардың обаларынан табылған археологиялық жәдігерлерді алуға болады.

Жоғарыда келтіріліп отырған XVIII ғасырда Н.Рычковтың зерттеулерінде ұшырасатын топырақ үйінділері, обалар Торғай жеріндегі Қараторғай өзені бойында былтырғы жаз-күз айларында Ақан Оңғарұлы бастаған Қазақстан ұлттық музейінің археолог мамандарымен зерттеліп, қыркүйек, қазан айында «Саба-1» обасы аршылып, зерттелді. Әрине жаздың соңы, қара күздің соңын ала жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Сабасалды өзені атауына байланысты Қараторғай маңындағы ірі обасы «Саба-1» деген атауға ие болды. Аршылған обадан жалпы саны 150-ден астам садақтың жібесі және ірілі-ұсақты заттар шықты. Хронология бойынша бұл обаның пайда болғанына шамамен 2600-2400 жыл шамасы. Обада жерленген адам әлеуметтік шыққан тегі сақ тайпаларының ескербасына немесе ру басысына арналған болуы мүмкін. Сондай-ақ археолог зерттеушілер сақ және сармат тайпаларының шекаралас аймағы болуы мүмкін екендігін айтуда. Сондықтан обада жерленген мәйіттің сармат тайпасынан болуы мүмкін екендігі болжануда. Жалпы, Ақан Оңғарұлының мәлімдеуінше, Қараторғай ауылы мен Әбдіғалпар хан кесенесі және Қостан атты кесенелердің аумағында 50-ден аса сақ обаларының орны анықталған. Ауыл тұрғындарының айтуынша, мұндай обаға ұқсас үйінділер бұл атырапта көптеп кездесетінін ескерсек, сақ обаларының саны 50-мен шектелмесе керек. «Саба-1» обасының маңайына рәсімдік мұртты обалар күншығысқа



қарата орнатылған. Онда діни рәсімдер атқару кезінде от жағылған.

2018 жылы Қараторғай елді мекені дегі археологиялық зерттеу жұмыстар қайтадан жалғасын тапты. Оған нег болған осы жылдың сәуір айының 3-і күні қол қойылған Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының басшылығы мен Астана қаласындағы Ұлттық музей басшылығы тарапынан жасалған екіжақты меморандумы.

Мамыр айының соңында Қазақстан ұлттық музейінің қызметкерлері «Саба-2-1», «Саба-2-2» атты оба орындары қазып аршуға дайындап қойған болатын. Бұл жолы Торғай өңіріндегі біреге жоғары оқу орны Ыбырай Алтынсари атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Тарих» мамандығының II курс студенттері археологиялық тәжірибеден өту барысында «Саба-2-1», «Саба-2-2» обасын аршып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ең алдымен археологтар мен тәжірибеге келген студенттер обалардың бетіндегі топырақ пен құмды алып тастап отырды. Келесі қабат жақы маңайдағы өзеннен тасылып, обаны үстіне үйілген топыраққа келіп жетті. Тастардың көптігі, олардың көлемі мен салмағына қарап, бұл жерде жерленген мәйіттің рубасы немесе ескербасы сияқты әлеуметтік топтардан шыққаны аңғаруға болады. Сақтарда жерленген адамның үстіне топырақ немесе құмды үйіп, оның үстінен тастарды қала дәстүрі болғанынан хабар береді. Уақыт өте келе бұл обалардың бетін топырақ құм басып, төбелерге айнала берген. Бұл обалар алдыңғы «Саба-1» обасына

балар ізі



алыс емес. Бұл обалардың көлемі, биіктігі «Саба-1» обасымен салыстырғанда аласа, көлемді емес. Шамамен алғанда көлемі 5-6 м, биіктігі 1,5 немесе 2,5 м болып келеді. Обаны қазып, аршу барысында ол жерден табылған заттардың аздығы, обаның сонау көне заманда-ақ тонауға ұшырағанын байқауға болады.

«Саба-2-1», «Саба-2-2» обаларын қазып аршу барысында археологтар мен студенттер жерленген сак заманының қаңқалары табылды. Археолог мамандардың алдын ала болжамы бойынша, табылған адам сүйектеріне қарап, олардың өмір сүрген уақытын б.д.д.V-IV ғ.ғ. мен б.д. II-III ғ.ғ. аралығына жатқызып отыр. Обаның бірінде жерленген мәйіттің сүйектері толық шықпады, осыған қарап археологтар оба ерте кезде тоналған деген қорытындыға келді. Соған қарамастан «Саба-2-2» обасында қаңқаның астыңғы жағынан аттың ауыздығы, 2 жебенің ұшы табылды. Сондай-ақ мәйіттің бас сүйегінің жанынан жерленген адамның қандай әлеуметтік топқа жататынын айғақтайтын зат – тамға шықты. Мәйіттің жанынан, шама-сы киімінен қалған болу керек, моншақ табылды. Табылған тарихи жәдігерлерге қарап, олардың орналасу орындарын анықтай отырып, бұл бір жерге жерленген патшалық немесе әулеттік қорым деп болжам жасауға болатын сияқты.

Археологиялық қазба жұмыстарына алғаш рет барған студенттер үшін бұл екі апталық тәжірибе әрбір студенттің бойында өзінің туған жеріне деген сүйіспеншілікті, өткен тарихына деген қызығушылықты оятып, олардың білім алуға деген талпынысын одан

сайын ұштай түскені анық. Оны тәжірибе соңында студенттердің өз қолдарымен жазған күнделіктерінен байқауға болады. Олардың, әсіресе ата-бабаларымыздың ежелгі тұрмыс-тіршілігінен, діни көз-қарастарынан хабар беретін тарихи жәдігерлерді өз қолдарымен ұстап, көз алдарына елестетіп, тарихтың терен тұңғығына бір уақыт болса да «сапар» шегуі студенттік өмірлерінде ұзақ сақталатын, әрдайым еске алып жүретін тамаша бір кезең болатындығы айқын. Бұл археологиялық қазба жұмыстары олардың Торғай өлкесінің ғылымға белгісіз тарихи тұстарын зерттеуді қолға алып, болашақта кәнігі тарихшы болуына жол салуымен де құнды болып отыр.

Еліміздің кез келген өңірі біз үшін өте қасиетті болып табылады. Соның ішінде Торғай жерінен табылып жатқан сак заманының тарихи жәдігерлері халқымыздың генеологиялық бастауында тұрған сақ-сармат және басқа да тайпалардың мекендеген жерлері екендігін білдіретін деректер беруімен құнды. Бұл археологиялық қазбадан табылған деректер өзінің маңыздылығы жағынан, еліміздің басқа аймақтарынан табылған сак мәдениеті қазбаларынан кем емес, қайта оны толықтыра түсетін Қазақстан тарихындағы іргелі жаңалықтардың бірі болып табылады.

Археологиялық қазба жұмыстары келесі жылы да жалғасын табады.

Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,
Баубек ЕЛЕУСОВ,
Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушылары